# II МОДУЛЬ
## АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 1-сабақ
# Бұйрық арқылы іс жүргізу

### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| берешек | партисипативтік рәсім |
| өсімпұл | уәкілетті органдар |
| борышкер | өндіріп алушы |
| кедендік төлем | куәландыратын сенімхат |
| өтемақы бажы | түпкілікті шешім |
| реттеу тәртібі | тұрақсыздық айыбы |

### 2. Берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| ① партисипативтік рәсім | ○ должник |
| ○ тұрақсыздық айыбы | ○ задолженность |
| ○ өндіріп алушы | ○ таможенные платежи |
| ○ кедендік төлемдер | ○ компенсационные пошлины |
| ○ куәландыратын сенімхат | ○ порядок регулирования |
| ○ түпкілікті шешім | ① партисипативная процедура |
| ○ уәкілетті органдар | ○ уполномоченные органы |
| ○ реттеу тәртібі | ○ взыскатель |
| ○ өтемақы баждары | ○ доверенность, удостоверяющая |
| ○ берешек | ○ решение окончательное |
| ○ борышкер | ○ неустойка |

### 3. Тиісті сөздерді жазыңыз.

| | |
|---|---|
| кедендік ______ | уәкілетті ______ |
| өтемақы ______ | куәландыратын ______ |
| реттеу ______ | түпкілікті ______ |
| партисипативтік ______ | тұрақсыздық ______ |
| өндіріп ______ | |

| | | |
|---|---|---|
| төлемдер | сенімхат | органдар |
| алушы | баждары | шешім |
| айыбы | рәсім | тәртібі |



LIVEWORKSHEETS

## 4. Тыңдаңыз, жазыңыз.

## 5. Оқыңыз.

Сотқа келіп түсетін әрбір сот бұйрығын шығару туралы арыздардың судья Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сәйкестігін тексеріп, арызды қабылдаудан бас тарту немесе қайтару негіздерінің жоқтығын анықтауы тиіс. Арызды қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері Азаматтық процестік кодексінің 138-бабында көрсетілген. Осыған байланысты:

- мәлімделген талап Азаматтық процестік кодексінің 135-бабында көзделмеген,
- борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болғанда,
- мәлімделген талапты растайтын құжаттар ұсынылмаған,
- талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын құқық туралы даудың бары байқалғанда,
- арыздың нысаны мен мазмұны осы Кодекстің 136-бабының талаптарына сәйкес келмеген,
- арыз бергенде мемлекеттік баж төленбеген жағдайларда судья арызды кері қайтарады.

Судья арызды қабылдаудан бас тарту немесе кері қайтару туралы арыз сотқа келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұйғарым шығарады.

Судьяның арызды қабылдаудан бас тарту туралы немесе кері қайтару туралы ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа шағым берілуі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

## 6. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| талапты | тұрғылықты жері |
| арызды | арқылы іс жүргізу |
| борышкердің | қабылдау |
| кері | растайтын құжат |
| талап қою | шығару |
| ұйғарым | қайтару |



LIVEWORKSHEETS

## 8. Мәтін бойынша бойынша дұрыс-бұрысын (+/-) анықтаңыз.

Арызды қабылдаудан бас тарту немесе кері қайтару туралы арыз сотқа келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде судья ұйғарым шығарады

Егер борышкердің орналасқан жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болған жағдайда арыз қайтарылмайды

Арыздың нысаны мен мазмұны осы Кодекстің 136-бабының талаптарына сай келмеген жағдайда судья арызды қайтарады.

Судьяның арызды қабылдаудан бас тарту туралы немесе кері қайтару туралы ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа шағым берілуі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылмайды.

Мәлімделген талапты растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда судьяның арызы қайтарылмайды.

Арыздың нысаны мен мазмұны Кодекстің 136-бабына сай келмеген жағдайда арыз кері қайтарылады.

## 9. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Судья сот бұйрығын шығару туралы арызды қандай жағдайда қайтарады?

## 10. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Сот бұйрығын шығару туралы арызды судья қандай талаптарға сүйеніп анықтайды? | Арыз бергенде мемлекеттік баж төленбеген жағдайларда судья арызды кері қайтарады. |
| Арызды қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері Азаматтық процестік кодексінің қай бабында көрсетілген? | Арыз бергенде мемлекеттік баж төленбеген жағдайларда судья арызды кері қайтарады. |
| Қандай жағдайда судья арызды кері қайтарады? | Арызды қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері Азаматтық процестік кодексінің 138-бабында көрсетілген. |
| Қандай жағдайда апелляциялық сатыдағы сотқа шағым беріледі? | Сот бұйрығын шығару туралы арызды судья Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сейкес анықтайды. |



LIVEWORKSHEETS